

1-кезеңнен кейінгі ойында қойылатын жұмбақтар:

1. Қасқанасы қылтылдап, көз қарасы жылтылдап. Ұзын - ұзын ұз келер, ұзын бойлы кыз келер (Ағынды су)
2. Көк төрінде жоғары, ілулі тұр атамның сапталмаған орағы (Ай)
3. Мұхитта дәу бір - қалқып тау тұр (Айсберг)
4. Әйнектей көгілдір, теңіздей тым мөлдір (Аспан)
5. Түсі бар көрінбейтін, бір тұтас бөлінбейтін. Тынысы ол тіршіліктің, ешқашан жерінбейтін (Ауа)
6. Қолы жоқ, сурет салады,
Тісі жоқ, тістеп алады. (Аяз)
7. Жерді тырнап, бұтаны ырғап, шөпті сипап, ұшады зырлап, жанын қинап, ұлиды зарлап. (Боран)
8. Бір халық аспанда ұшқан, аяғы жоқ,
Ұстаған қолдарында таяғы жоқ.
Күніне талай жерге кетер кезіп,
Нәрсенің бұл секілді саяғы жоқ. (Бұлт)
9. Қанаты жоқ ұшады, Аяғы жоқ қашады (Жел)
10. Келістіріп өрнегін, құрып қойды өрмегін (Кемпіркосақ)
11. Ауыл сыртында сайда, жатыр үлкен айна. (Көл)
12. Мамықтай ұлпа, қанттай ақ. қыста жер бетін басады, жазда сайға қашады (Қар)
13. Суда қалқиды, жылыда балқиды. (Мұз)
14. Аспанды от қамшы осады, ащы үнін ышқынып қосады. (Найзағай)
15. Көтеріп орман, тоғай, тастың бәрін, жапанда шөгіп жатыр үлкен нарың (Тау)
16. Айдалада көк шатыр, көк шатырда қызыл көзді шал жатыр (Аспан мен Күн)